

**Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 8 "Бөгетсай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 28 тамыздағы № 18 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте № 5643 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Бөгетсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөгетсай ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 12 желтоқсандағы № 8 "Бөгетсай ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атаулар беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-74 тіркелген, 2009 жылғы 29 қаңтардағы аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Бөгетсай ауылдық округіне қарайтын елді-мекендер тұрғындарының пікірін ескере отырып, Бөгетсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бөгетсай ауылдық округінің әкімі*

*С. Жаназаров*